



**2019**  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



## Қымбатты достарымыз бен серіктестеріміз!

2007 жылдан бастап «Дара» қайырымдылық қорының қызметі менің өмірімнің маңызды бөлігі болып табылады. Біз шағын акциялардан қалай бастағанымыз менің есімде, ал бүгінде бұл жылдар өте келе ауқымды мемлекеттік жобаларға айналған балалармен жұмыс істеудің жекелеген бағыттары ғана.

Сандарға аса назар аудартқым келмейді, біз оларды жыл сайын жариялаймыз және бұл жолы да, әдеттегідей, сіз оларды осы есептен көре аласыз. «Дара» қоры негізгі қорлардың бірі болып табылатынын, ол қоғамда инклюзия қағидаттарын ілгері бастырып отырғанын және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға туғаннан бастап және оларды мектепте де

демей отырып жүйелі қолдау көрсететінін ғана айтқым келеді.

Қордың екінші үлкен бағыты – ата-анасының қамқорлығынсыз өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды қолдау болып табылады және мен жасөспірімдерге, өз кезегінде, оларға өмірлік жолын іздеуде қолдау көрсететін өз тәлімгерлерін табуға көмектескенімізді мақтан тұтамын.


Бұл үлкен жұмыс сіздердің көмектеріңіз бен қолдауларыңыз арқасында, сіздердің нақты қызығушылықтарыңыз және көмектессек деген шынайы ниеттеріңіздің арқасында жасалды! Балалар әртүрлі, бірақ олардың барлығы тең және тең мүмкіндіктер әлемінде өмір сүруге құқығы бар, бақытты және қамсыз балалық шаққа құқығы бар.

Мен осы қағидалардың жандарына жақын Қордың барлық достарына, серіктестеріне және пікірлестеріне алғысымды білдіремін. Бірлескен күш-жігерімізбен біз Қазақстанда осы үлкен істің іргетасын тұрғызудамыз, біз армандағанның барлығы көптеген балалар үшін шындыққа айналуы жолында ортақ үлкен істі жүзеге асырудамыз.

Қымбатты достар, сіздерге шын жүректен алғыс білдіремін және осы жолды одан әрі бірге жалғастырып және бұдан да үлкен нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткіземіз деп үміттенемін!

**Сіздерге деген шынайы көңілмен,**

**Гүлнәр Досаева, «Дара» қайырымдылық қорының құрылтайшысы**



# ӘР АЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ



**А**бдулазиз әлі 6 жасқа толған жоқ, оның есту қабілеті бұзылған және ол бесінші ай психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетіне барып жүр. Барлық балалар сияқты, ол ашық-жарқын және білетінін, қолынан келетінін бөлісуге дайын. Велосипед тебеді, шаруашылыққа көмектеседі, ешкіге тамақ бергенді ұнатады, өзімен жасты баланың қолынан келетіннің бәрін жасайды – әкесіне тері және ағашпен жұмыс істейтін шеберханасында көмектеседі, мысалы, ағаш қалқан мен семсерді өзі жасап алады. Білуге құмар және мейірімді бала.

Абдулазиз қарапайым, бірақ тату-тәтті өмір сүретін көп балалы отбасында өсіп келеді. Ата-

анасы өз балаларына сенеді және бір-бірін қолдайды. Абдулазиз, ерекше жағдайына байланысты, отбасындағы сүйікті бала және әкесі онымен математикамен айналысып, кейіннен Абдулазиз сүйісіне қайталап айтып беретін қазақша ертегілерді мәнерлеп оқып оған көп уақытын жұмсайды.

«Көшеде оны балалар мазақтайды, балам өзінің есту аппаратынан аздап ұялады, бірақ бұл туралы тез ұмытады, себебі бәрібір де оның достары көп! – деп күлімсірей әңгімелейді анасы, – олардың көбін Түзеу кабинетінде тапқан, біз болашақта Абдулазиз міндетті түрде қалыпты мектепке барады деп армандаймыз және үміттенеміз!»

**Абдулазиз Құрбаналиұлы, 6 жаста**

Леңгір қ. №7 орта мектеп жанындағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті – бұл арнайы білім беру ұйымы, онда кез келген ерекше бала мен оның отбасы мамандар командасының білікті көмегін тұратын жері бойынша тегін ала алады

# 38

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТТЕРІ**  
Қазақстанның аймақтарында және облыс орталықтарында ашылды

ОНЫҢ ІШІНДЕ




**2019 ЖЫЛЫ АШЫЛҒАН**

# 10 000

**НАН АСТАМ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛА**  
аймақтарда ашылған психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде қызмет алды

## 200-ДЕН АСТАМ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАҒА

бір психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті қызмет көрсете алады



## 455 МАМАН

аймақтар бойынша ашылған психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде қызмет көрсетеді

# 15

психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері бірегей Гросс жаттығу құрылғыларымен аймақтар бойынша жабдықталған

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде «Ерте қолдау» және «Қуаныш шеберханасы» жобалары жұмыс істейді



ОНЫҢ **6** 2019 ЖЫЛЫ ЖАБДЫҚТАЛДЫ



”

«**М**ен психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетімізге келіп жатқан балалар мен олардың ата-аналарына олардың жарқын болашаққа деген сенімі мен үміті үшін алғысымды білдіремін. Дәл осы жағдай бізді кәсіби және адами тұрғыда дамуға ынталандырады. Мен ерекше балалармен жұмыс істейтін маман ретінде маған көмек сұрай келген балалар үшін өз жауапкершілігімді сезінемін. Мен өз жұмысымда көмектің уақытылы, сапалы және тиімді болуына тырысамын.»

**Айкен Нұрсейітова**

Ақтөбе қаласы №2 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің меңгерушісі

Жобаның демеушілері мен серіктестері:

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Байсат» ЖШС, «AZALA Group» ЖШС, «Қор» Мұнай Компаниясы АҚ, «East Trade Solutions» ЖШС, «Тенгизтрансгаз» ЖШС, «ЕР САЙ Каспиан Контрактор» ЖШС, «High Technology systems» ЖШС, Сауле Мұхашева, Гаухар Сауранбаева, Гаухар Қаппарова, Майра Тұрғанова, Айнұр Мами, Айжан Құсайынова, Гүлнара Бырбаева, Әлия Абдразакова, Әйгерім Сағадиева, Айгүл Рамазанова, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары

# 29

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстанның аймақтары мен облыс орталықтарында жалпы білім беретін мектептерде ашылды

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы – бұл оқу үрдісінде инклюзия қағидаларын іске асыруда мұғалімдерге көмек көрсету және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға сыныпта және мектепте кедергісіз жағдай жасау үшін құрылған мектеп кеңістігінің бір бөлігі

ОНЫҢ ІШІНДЕ 2019 ЖЫЛЫ АШЫЛҒАН **14**

# 750

**БАЛА** мектептерде ашылған Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарында мұғалімдердің қолдауын көруде



”

«**Ж**ақсы бастама бар – инклюзивті білім беру дәні егілді. Енді мектептердің міндеті – оның өсуін қамтамасыз ету.»

**Рита Каша**

Назарбаев Университеті Жоғары білім мектебінің зерттеу жетекшісі



# 11

## АЙМАҚТАРДАҒЫ

жалпы білім беретін мектептері үйден оқитын балаларды әлеуметтендіру бойынша «Құрдастан құрдасқа» жобасына қатысуда



# 78

## ҮЙДЕН ТЫС ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР

«Құрдастан құрдасқа» жобасы аясында өткізілді

**А**ружан бірінші сынып оқушысы. Сыныптастар оны өте жақсы көреді, себебі ол сыныптағы ең елгезек және мейірімді балалардың бірі. Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығының үйлестірушісі Гүлнәр Шуматқызы да: «Егер мұғалім бор немесе қаламды байқамай түсіріп алса, Аружан жүгіріп барып, көтеріп алуға көмектеседі. Ол өте мейірімді және ашық бала, өзінің даму ерекшелігіне қарамастан, жайдары қыз!» – деп мұны атап өтеді

Аружан ерекше қажеттіліктері бар бала. Бірінші сыныпқа келгенде ол бәрін түсінгенмен, сөйлей алмады және өз құрдастарымен бірдей жаза алмады. Қазір Аружан буындап сөйлейді және қағазға әріптер салуға тырысып, қаламды аздап ұстайды, бұл оның дамуындағы үлкен алға басушылық болып табылады. Моторика бойынша

сабақтар әлі оңай тиіп жүрген жоқ, бірақ Аружан тырысады. Ол ұнататын пәндер – ән айту және хореография сабақтары, оның математикадан бағалары жақсы және оған пазл жинаған ұнайды. Мұнда мектеп жанындағы Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы мамандарының үйлесімді жұмысын, логопед, психолог және басқа да мұғалімдермен жұмысын, ұсақ моторикамен жұмысын атап өткен жөн. Осының бәрі өз нәтижесін берді.

«Біз ақырындап оқуды, жазуды үйреніп жүрміз. Бірақ мені бәрінен де ол мектептен келгенде өзінің достары көп екенін айтатыны қуантады. Өйткені ол елмен араласқанды ұнататын қыз», – дейді Аружанның анасы Күлән Токова, - «Менің қызымның қандай жетістіктерге жеткенін көріп отырамын және алда бұдан да үлкен жетістіктерге жететінімізге сенемін!»

**Аружан Дайырбекова, 8 жаста**

С.Жүнісов атындағы №18 орта мектептің Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы, Көкшетау қ.



# 416

## ҮЙДЕН ОҚИТЫН БАЛА

«Құрдастан құрдасқа» жобасы аясында дос тауып, қарым-қатынас жасай бастады, әлеуметтенуде және сыныптастарымен бірге бос уақыттарын өткізуде

Жобаның демеушілері мен серіктестері:

«Шеврон» компаниясы, Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Шағын Гранттар бағдарламасы, «Байсат» ЖШС, «Жандиг-С» ЖШС, «Той Прайм I» ЖШС, «Байер КАЗ» ЖШС, УРО Kazakhstan, Гаухар Абықаева, Мира Анафина, Жанар Қалиева, Tutti Frutti Frozen Yogurt, бокстардан түскен қаражат, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары

## «ӘР АЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ» ЖОБАСЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА СҮЙЕМЕЛДЕУ

# 10

### СЕМИНАР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯ

2019 жылы халықаралық және  
ұлттық сарапшылардың  
қатысуымен өткізілді



# 600

### -ДЕН АСТАМ МАМАН

2019 жылы семинарлар мен  
конференцияларға қатысты

## З ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС

инклюзивті білім беру және білім алуда  
ерекше қажеттіліктері бар балалармен  
жұмыс жасау мәселелері бойынша  
зерттеулер аясында жарияланды



Жобаның демеушілері мен серіктестері:

«Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG» компаниясы, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Байсат» ЖШС, «Шеврон» компаниясы, Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Шағын Гранттар бағдарламасы, «Жандиг-С» ЖШС, «Той Прайм I» ЖШС, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары

## БАЛАЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОЙЫН АЛАҢЫ

# А У Д А Н Ы

# 300

### Ш.М.

астам балалардың инклюзивтік ойын алаңы Алматы облысында балалардың бірлескен ойындары, балалардың дамуы және әлеуметтенуі үшін ашылған

## КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

Бұл Қордың қолдауымен ашылған үшінші көшедегі ойын алаңы




Жобаның демеушілері мен серіктестері:

«Байсат» ЖШС, Алматы облысының Әкімдігі және Білім басқармасы, Алматы облысы Қарасай ауданының білім беру бөлімі

# ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ

Жобаның мақсаты – көру қабілеті жоқ және нашар көретін балаларға білім беру қызметтері көрсетілуіне, сондай-ақ өз туған қаласында отбасынан қол үзбей дамуға және әлеуметтенуге мүмкіндік беру



# 6

## ҚАЛАДА

көру қабілеті жоқ және көзі нашар көретін балаларға арналған мамандандырылған сыныптар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымында 1 топ жұмыс істейді

ОЛАРДЫҢ  
ІШІНДЕ

# 1

сынып және 1 топ  
Өскемен және  
Көкшетау  
қалаларында  
**2019**  
**ЖЫЛЫ**  
**АШЫЛДЫ**

# 10

## МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СЫНЫП

- көру қабілеті жоқ және нашар көретін балалар үшін Қазақстанның 5 қаласында жұмыс істейді
- орыс және ағылшын тілдерінде Брайль бойынша оқуға арналған оқу және көркемөнер материалдарының 98 жиынтығымен жабдықталған

# 49

## КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАР

Қазақстанның аймақтары бойынша ашылған мамандандырылған сыныптарда білім алуда



«**А**нашым, мен құрастырушы-өнертапқыш болғым келеді, – деп жиі айтады ұлым, – көру қабілеті жоқ адамдарға көмектесіп, Youtube-те блог немесе арна құрып, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-анасына арналған бейне-құрал түсіргім келеді. Оларға абдырып қалмай, дұрыс шешім қабылдауына және өз баласын ол қандай болса да жақсы көру, оның дамуына көмектесуіне жәрдемдесетін құрал құру. Өйткені әр бала оған лайық», – деп бастады әңгімесін Диастың анасы Қарлығаш.

Барлық жақындары Диасқа сенеді және бала кезінен ол дербес, спортқа икем және өзіне сенімді бала өсуі үшін бәрін жасады. Диастың жетістіктерін ұзақ отырып санамалап беруге болады: мәселен, 6 жасында ол Құран оқығысы келді, қазір де оның көп бөлігін Брайль бойынша біледі. Брайль қарпі оны сүйсіндіреді, ол көру қабілеті жоқ адамдар үшін бір кездері қаріпті ойлап тапқаны үшін бақытты және Луи Брайльге бұл үшін өте риза.

Үш жасынан бастап Диас оригамимен және мүсіндеумен айналысып, мүмкіндігі шектеулі балалардың қолөнер байқауына қатысып, бірінші орынға ие болды. Қарлығаш қол моторикасын дамыту үшін пластилинді сатып алғаны және олар бірге жасай бастағанын, көру қабілеті жоқ адамдар жазуы үшін арналған арнайы


грифельдерді, қағазды және құралдарды табуға тырысқанын айтады. Онымен үлкен әпкесі өте көп айналысады. Диасқа спорт өте ұнайды – ол конькимен сырғанайды, голболмен және дзюдомен айналысады, өзімен тең дәрежедегі балалар арасында үнемі бірінші орын алады. Сондай-ақ Диастың тамаша вокалдық қабілеті бар. Ол «Жұлдызай» байқауында екінші орын алды және 2019 жылдан бері Диас вокалмен кәсіби түрде айналысып келеді және жақсы жетістіктерге қол жеткізді», – дейді Қарлығаш.

Үш жыл бұрын әлеуметтік желілерден Ақтауда көру қабілеті жоқ балаларға арналған арнайы сыныптың ашылғанын біліп, Қарлығаш пен ұлы осы мектеппен хабарласқан. Диастың арманы достар табу және мектепте оқу болатын және ол орындалды! «Диастың жоспарлары көп. Ал мен балаларымнан көп нәрсені үйренуден шаршамаймын: Диас жасына қарамай өте парасатты бала, ол менің ғажайыбым, менің жүрегім, менің қайтпас сарбазым, мен оны өте жақсы көремін, ол мені шабыттандырады!» – Диастың анасы осындай әсерлі сезімімен бөлісті.

Шын мәнінде, бір пікір ғана қосуға болады – балаға сенген және өте жақсы көрген кезде, ешқандай да шарттылыққа қарамастан, оған тек бақытты және өз елінің лайықты азаматы болу ғана қалады!

**Диас Айтуаров**, 12 жаста

көру қабілеті жоқ және нашар көретін балаларға арналған 3-сыныпта оқиды, Ақтау қ.



# 10 СЫНЫП

Қазақстан аймақтарында қыш-құмыра өнерімен айналысады

## БІРЕГЕЙ ТӘЖІРИБЕ - КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЖОҚ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ



15

көру қабілеті жоқ бала ата-аналарымен бірге 2019 жылы шілдеде мәскеулік сарапшылардың әдістемелік сүйемелдеуімен және «Google» компаниясының қызметкерлерінің қолдауымен Шығыс Қазақстан облысындағы «Дарын» жазғы лагерінде демалды

13

көру қабілеті жоқ және нашар көретін балалар Нұр-Сұлтан мен Ақтауда параолимпиадалық спорт түрі – голболмен айналысады



”

«Көру қабілеті жоқ баланың мәселесі – бұл отбасы мәселесі емес, бұл бүкіл қоғам мәселесі, бұл мәселені ойдан шығарып тастап, барлығына арналған азаматтық қоғам құруға болмайды.»

**Шведова Наталья**

Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің тифлопедагогика кафедрасының оқытушысы

— **Жобаның демеушілері мен серіктестері:**

«Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG» компаниясы, «Google» компаниясының қызметкерлері, «Алматы Халықаралық әйелдер клубы» қоғамдық қоры (AIWC), Айман Андаспаева, Адель Ахметова, Haileybury Astana School, ZERE қайырымдылық сурет көрмесі, «РОКОС» ЖШС, «Дастан» ЖШС, «Актеп» ЖШС, «Алтын Қыран» қайырымдылық қоры, «Анвар» ЖШС, Жанат Камелова, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары

## ТӘЛІМГЕРЛЕР



«Менің тәлімгер болғым келді, өйткені әрдайым қоғамға пайдалы болғым келетін. Бұл жоба үлкен игі іс жасауға мүмкіндік береді: қоғамның жаңа мүшесінің қалыптасуына көмектесу. Мен бүкіл қоғамға көмек көрсету мүмкін емес деп ойладым, бірақ егер мен нәтижесінде осы қоғамның лайықты мүшесі болатын бір адамға көмектесем – бұл қомақты үлес. Сонымен қатар, бұл өз тәрбиеленушіңе жақсы үлгі болу үшін өзіңнің де жақсы болу мүмкіндігің. Бұл жобаға қатысу маған біреуге керекпін деген сезім берді. Нақты балаға және жалпы қоғамға әкелетін пайданы ұғынудан болатын қанағаттану сезімі. Бұл жеке тұлға ретінде өзіңнің өсуіңе қанағаттануың және т.б. Жоба бұрын біз ұзынқұлақтан ғана естіген басқа өмірге еруге үйретеді. Өйткені балалар үйінде балалардың шынында қалай өмір сүретінін білетіндер аз. Және бұл олардың өміріне кірісу,

сондай-ақ балалардың біздің өмірімізге кіруінің кері байланысы – бұл орасан зор тәжірибе. Бұл сіздің әлеуметтік, педагогикалық және ата-ана ретіндегі дағдыларыңызды тексеру. Жоба осы дағдыларды шыңдауға және өзіңді ғана емес, өзіңнің кіші досыңды да жақсартуға мүмкіндік береді».

*Виталий Муртазин*

«- Сен достықтарыңды қалай сипаттай едің? – Жігерлі, қызықты және тату! Ол мені қақтығысты жағдайларға сабырлы қарауға, өз денсаулығың мен заттарыңа ұқыпты қарауға үйретті, адамдармен ол сияқты сөйлесуді үйренгім келеді, дәл сондай қызықты «нәрселерді», корабльдерді коллекция етіп жинағым келеді, компьютерде тез басуды және шет тілін үйренгім келеді».

*Артур*

**Виталий Муртазин, 27 жаста**  
**Артурдың тәлімгері, 14 жаста, Нұр-Сұлтан қ.**

Жобаның мақсаты – балалар үйінің 11 жастан асқан тәрбиеленушілеріне өздерінің өмірлік әлеуетін ашуға және ересек ерікті-тәлімгерлермен қарым-қатынас жасау арқылы өз бетінше өмір сүрудің дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға көмектесу



# 9

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
ҚАЛАСЫНДА**

«Тәлімгерлер» жобасы жұмыс істейді

# 4

**ҚАЛА ЖОБАҒА  
2019 ЖЫЛЫ  
ҚОСЫЛДЫ**

# 137

**ЖАСӨСПІРІМ  
ӨЗ ТӘЛІМГЕРЛЕРІН ТАПТЫ**

# ”

«**М**ен балалар үйінің балаларын мұқтаж және бақытсыз деп қабылдамаймын. Мен олардың ауырсыну нүктелері бар екенін білемін, сонымен бірге оларды өмірдің белгілі бір жайлары бар қарапайым адамдар ретінде көремін. Олар барлық адамдар сияқты қарым-қатынастарды қалайды, осы қарым-қатынаста әлденені өздеріне ала алады және өздері бере алады. Сондықтан, ең алдымен, мен «Тәлімгерлер» жобасына қарым-қатынас кеңістігі ретінде қараймын».

**Светлана Савельева**

«Тәлімгерлер» жобасының үйлестіруші-психологы

# 35

**-ТЕН  
АСТАМ ПСИХОЛОГ  
ПЕН ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕР**

2019 жылы жобаға қолдау көрсетіп, ынтымақтастық қарым-қатынас жасады

**Жобаның демеушілері мен серіктестері:**

«Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Bon Bon» кофеханалар желісі, «Start-time.kz» краудфандингтік платформасы, «TOP Cleaning Kazakhstan» ЖШС, «Kazprotect» ЖШС, «Қуаныш Ешенқұл» жеке қоры, Ричард Таверна, Лейла Адайбекова, Марина Сұлтанова, Маргарита Боченина, Руфина Носова, Ермек Ернұр, Оксана Акимова, А.Байсеитова, Сауле Оташева, бокстардан түскен қаражат, daga.kz сайты арқылы электрондық жарналар, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары



**КОРПОРАТИВТІК ТӘЛІМГЕРЛІК**

# 34

**ҰЙЫМ  
КОРПОРАТИВТІК**

тәлімгерлерге айналды және жобаны белсенді қолдауда

# 138

**БАЛА**

жоғары білім мен болашақ мамандықтарын алу үшін «трамплин» ретіндегі маусымдық тағылымдамадан және білім алу курстарынан өтті

# 21

**БАЛАЛАР**

үйінің баласы білім беру жобасында математикамен қосымша айналысады

**ОНЫҢ  
3-eyi**

жоғары оқу орнына түсуге дайындалуда

**Жобаның демеушілері мен серіктестері:**

«Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG», «Бәйтерек» ҰБХ, Гүлнар Досаева, Жәния Құрманова, Нархоз Университеті, «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС, «РТС ЛТД» ЖШС, Дәурен Блиев, VAcademy компаниясы, Қарлығаш Өтембаеваның әлеуметтік шеберханасы, «Кофе министрлігі» кофеханасы, «Rafe Coffee & Food» кофеханасы, «Kiwi» Nail Salon, The Ritz-Carlton Astana, «Gymboree» Play & Music, «Мемлекеттік техникалық қызмет», «Перчини» мейрамханасы, «Автомаксимум» ТҚС, «PeshNan» кондитерлік-кофеханасы, «Талан» білім беру орталығы, Қазақ Ұлттық өнер университеті (ҚазҰӨУ), AstraZeneca, «Давай сходим» (Алматы), Атамекен Кәсіпкерлер Палатасы, Алматы технологиялық университетінің Технологиялық-экономикалық колледжі, «Dublin» пабы, Утеновтар отбасы, SmArt.Point коворкинг орталығы, UIB Халықаралық бизнес университеті, METRO Cash&Carry

КОУЧИНГ

# 109 БАЛА

жеке коучингке қатысты және жеке сұраныс бойынша қолдауға ие болды

Жобаның демеушілері мен серіктестері:

Әсел Зои, Жанна Оспанова, Александра Ким, Әлия Токбулатова, Алмагүл Иманс, Алтынай Дүйсембаева, Людмила Левитанус, Юлия Тогобицкая, Елена Югай, Гульмира Есмагамбетова, Людмила Куликова, Еуразиялық практикалық психология және психотерапия институты

МЕДИА НАУҚАН

# 12000 -ДЕН АСТАМ АДАМ

өткізілген жарнамалық науқан нәтижесінде жобаға қызығушылық танытты және тартылды



# 130 -ДЕН АСТАМ АДАМ

Kinopark IMAX желісінде фильмнің тұсаукесеріне шақырылды, олардың арасында Қордың достары мен серіктестері болды

«Тәлімгерлер» жобасы Чехияда #Всеясно2019 шеберханасының жеңімпазы болды, нәтижесінде әлеуметтік желілерде «Ұстаз әліппесі» акциясы іске қосылды, оның мақсаты қоғамның назарын өмірдегі өз ересек адамынсыз қалған балалардың мәселесіне аудару

# 12 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАНЫМАЛ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ МЕН БЛОГЕРЛЕРІ ЖАРНАМАЛЫҚ НАУҚАН БАРЫСЫНДА «ТӘЛІМГЕРЛЕР» ЖОБАСЫН ҚОЛДАДЫ

Жобаның демеушілері мен серіктестері:

Орталық Азиялық MediaCAMP бағдарламасы және Халықаралық даму жөніндегі АҚШ агенттігі (USAID) аясында «Internews Қазақстанда» ақпараттық агенттігі, Адель Смит, Өркен Кенжебек, Әсел Зои, Рахим Ошақбаев, Гүлмира Абдрашева, Алмас Ержан, Махаббат Есен, Мадина Оманова, Эмин Аскеров, Айгүл Мүкей, Мейіржан Төребаев және Дана Есеева, Екатерина Критцева



2019 жылдың басында біз менің коучым Елена Когаймен бірге үлкен мақсат қойдық – менің колледжге одан әрі оқуға түсуім үшін мамандық таңдау, сондай-ақ мені Жасөспірімдер үйіндегі дербес өмірге дайындау. Мен 9-сыныпты аяқтадым және қайда оқуға тапсыру керек екенін ұзақ уақыт шеше алмадым, «аспаз» немесе «дизайнер» мамандықтарының қайсы екенін таңдап жүрдім. Елена маған өзімнің мықты жақтарымды анықтауға, көруге, не қалайтынымды түсінуге көмектесті, басқа кәсіптердің артықшылықтары туралы айтып берді, біз көп әңгімелестік және әртүрлі нұсқаларды қарастырдық. Нәтижесінде мен ҚазБСҚА колледжін таңдадым.

Сонымен қатар Лена мені балалар үйінен Жасөспірімдер үйіне ауысуға дайындады. Балалар үшін бұл толқулы және үрейлі сәт: егер бұрын біз толықтай балалар үйі қызметкерлерінің қамқорлығында болсақ, онда бітіргеннен кейін негізінен өзімізге ғана сенуіміз керек. Лена мені оңай әзірленетін тағам дайындауға үйретті. Ақшаны қалай дұрыс жұмсауға және өз

шәкіртақымды қалай пайдалануға болатынын айтты.

Бір қарағанда бұл ұсақ-түйек сияқты, бірақ мен үшін бұл шынайы құтқару болды. Мен үнемі оқуға түсе алмаймын, Жасөспірімдер үйінің қабырғасында ересек және өз бетінше өмір сүре алмаймын деп қатты уайымдайтынмын. Бірақ мені үнемі қолдап отырған Ленаның арқасында мен өз күшіме сенуді үйрендім.

Қазір мен бірінші курс студентімін. Мен осының барлығына өте қуаныштымын және Ленаға өте ризамын. Мен кез келген уақытта оған қолдау, кеңес алу, жеке мәселелер бойынша жүгіне алатынымды және ол әрдайым кеңес беретінін білемін. Менің тәлімгерім мен ересек досым болмаса да, Лена мен үшін дос және жақын адамға айналды. Қазір біз онымен жұмыс істеуді жалғастырамыз, алға 2020 жылға арналған басқа да мақсаттарды қоямыз. Мен коучтың көмегімен оларға қол жеткізе алатыныма сенімдімін.

Слава, 16 жаста, Алматы қаласы

55

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар бала театр студиясындағы сабақтарға барады және театр қойылымдарына қатысады



«Ailand» отбасылық демалыс орталығында режиссер Ілияс Данияровтың жетекшілігімен «Питер Пен» театр қойылымы қойылды



80

-ДЕН АСТАМ АДАМ

қойылымды көріп, балаларды қолдауға келді

Жаңа оқу жылында театр студиясы М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында жаңа басшы – Елена Капаруллина басшылығымен жұмысын бастады, оған Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің дамуында ерекшеліктері бар балалары қатыса алады

Жобаның демеушілері мен серіктестері:

«Haileybury Astana» мектебі, Айман Андаспаева, Регина Шафир картиналарының қайырымдылық көрмесі, «Has Sanat» өнер галереясы



«М аған сурет салу мен шығармашылық сабақтары ұнайды, мен сурет сала алатынымды білмеппін де, сабақ кезінде біз ойып кесеміз, мүсіндейміз, экскурсияға барамыз. Енді мен өз автопортретімді сала аламын», – деп ой бөліседі Мұхаммед, бұл өзінің арт-студиясына барған алғашқы жылы екенін атап өте отырып. Мұхаммед алғашқы күннен бастап топта көшбасшы болды. Сабақта қиын жұмысты әрқашан бірінші болып қолға алады. Бояумен сурет салу техникасын тез меңгерді, бояуларды қосу арқылы дәл түс табуды ұнатады.

«Қарым-қатынас жасай жүріп қарым-қатынасқа үйренеді», – деп Мұхаммедке мінездеме берді оқытушысы Санат Исаинов. Шығармашылық тәжірибе, өзін сезіну, жаңа дағдылар мен ептілікті дамыту Мұхаммедке мектеп өміріне анағұрлым белсенді және өз бетінше қатысуға мүмкіндік береді, оның әлеуметтік және кәсіби таңдауының ауқымын кеңейтеді. Сурет салу оған өзін өзі сезінуге және түсінуге, өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге, өзі болып қалуға, армандар мен үміттерді еркін білдіруге мүмкіндік береді.

Мұхаммед Каримов

Нұр-Сұлтан қаласындағы №65 орта мектептің 4-сынып оқушысы

# 55

Есту қабілеті бұзылған бала арт-студияда бейнелеу өнеріне үйренеді



## 40

**КАРТИНА САЛЫНДЫ,** көпшілігі 2019 жылы таныстырылымдар мен Қор серіктестерін құттықтаулары үшін пайдаланылды



Жобаның демеушілері мен серіктестері: «Шеврон» компаниясы, «Құланшы» Заманауи Өнер Орталығы

### 25 ЕҢ ҮЗДІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ «ҚҰЛАНШЫ»

Заманауи Өнер Орталығында белгілі апалы-сіңділер Габо мен басқа да өнер қайраткерлерінің қатысуымен өтті. Балаларды қолдауға Қордың достары мен серіктестері келді

## 3

### АДАМ

арт-студияға келген және өзінің кәсіби қызметін шығармашылықпен және дизайнмен байланыстырған түлектер

## ФУТБОЛ СЕКЦИЯСЫ



Қуаныш үшін футбол – жанына жақын стихия және бірінші сыныптан басталған құмарлық. Бала кезінен бастап ол өз мектебі үшін белсенді ойнай жүріп, қабілетті балаларды іріктеу бойынша қалалық байқауларға қатысты. 2014 жылдан бастап әр түрлі қалалық және республикалық жарыстар командаларының құрамында жүлдегер болып, шағын футболмен шыңдап айналыса бастады. Футбол тек әуестік немесе хобби ғана емес, әрі қарайғы өмірін осы спорт түрімен байланыстыру туралы маңызды ниетке айналды.

2017 жылы кәсіби футболшы және есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар, ұлттық құрама мүшесі Асыл Ибраимовтың жетекшілігімен команда

құрамында біздің балалар Словакияда Прешов қаласында 17 жасқа дейінгі есту қабілеті бұзылған жасөспірімдер арасындағы футболдан халықаралық турнирде күміс жүлде алды. Бұл барлық команданың үлкен еңбегі, балалардың мақсатқа ұмтылуы және өздерінің неге қабілетті екенін көрсетуге деген ынтасы болатын!

Қуаныштың кумирлері әлемдік деңгейдегі ойыншылар, оларға теңескісі және олар сияқты виртуозды ойыншы болғысы келетін Роналду және Месси болып табылады. Сонымен қатар ол ерекшелігі бар балаларға өз күшіне сенуге және чемпион болуға көмектесе отырып, мини-футболдан жаттықтырушы болуды армандайды!

**Қуаныш Сембай,** XX жаста

Алматы қаласындағы есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №5 мектеп-интернаттың тәрбиеленушісі

# 22

## ТӘРБИЕЛЕНУШІСІ

2019 жылы Алматы қаласындағы есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №5 мектеп-интернаттың 13-16 жастағы футбол секциясында жаттықты



### 2019 ЖЫЛҒЫ ФУТБОЛ СЕКЦИЯСЫНЫҢ ҚАТЫСУЫ МЕН ЖЕҢІСТЕРІ:

2

**ОРЫН**

Алматыда есту қабілеті бұзылған балаларға арналған қалалық спартакиадада алды

3

**ОРЫН**

Петропавлда есту қабілеті бұзылған 17 жасқа дейінгі мүгедек жасөспірімдер арасындағы ҚР Чемпионатында алды



Жобаның демеушілері мен серіктестері:  
«РТС ЛТД» ЖШС

## БИ СТУДИЯСЫ



Әсел бесінші сыныптан хореографиямен айналысады. Заманауи билердің тілі ол үшін өмірінің басымдылық алған бір бөлігіне айналды. Ол би тобының көшбасшысы болып табылады, сахнада өзін еркін сезінеді, жайдары, оны би тобының балалары бағалайды және жақсы көреді. Әсел биыл мектепті бітіргеннен кейін өз арманын жүзеге асырып – қоршаған әлемді керемет безендіретін дизайнер болу үшін ҚазБСҚА колледжіне түсуді жоспарлап отыр. Әрі қарай да Мараттың басшылығымен бимен айналысуды жоспарлап отыр, өйткені «бұл сабақ ол үшін өмір бойы ең сүйікті болып қала бермек!».

Би – Настя үшін «шығармашылық шеберхана». Ол әр жастағы балалармен ортақ тіл таба алады, ең бастысы, оны тыңдайды. Әртістік қабілеті бар және күлімсіреп жүретін қыз әрқашан алда – мектеп театрының қойылымдары мен спектакльдерінде, негізінен, басты рөлдерде ойнайды. Ол мұны мінсіз орындайды! Анастасия да биылғы мектеп түлегі. Оның айтуынша, ол колледжге түскенде міндетті түрде авторлық би тобын ұйымдастырады.

Педагог-хореограф Марат Бекбергеновтың жетекшілігімен қыздар «Show time», «Face 2 Face», «Raning» балалар және жасөспірімдер шығармашылығының фестивалі сияқты халықаралық конкурстарда бірнеше рет жеңіске жектен, 2019 жылы Халықаралық «Жұлдызай» фестивалінің Бас жүлде иегері болып табылатын «Тоғызыншы планета» би тобында бимен айналысады.

Қыздар бірнеше рет танымал қазақстандық әртістердің клиптерінде түсіп, «Даңқты сәт» бағдарламасына қатысып, зор қошеметке және Көрермен көзайымы сыйлығына ие болды, «Жылдар», «Школа мечты» сериалдарында түсті, «Қазақстан Медиа академиясы» телеарнасының ашылуында «Soul Flame» тобымен өнер көрсетті.

Біздің серіктестеріміздің қолдауының арқасында және қазіргі балаларды қызықтыра және тарта алатын керемет, тәжірибелі хореографтың арқасында мектеп-интернаттағы осындай дарынды балалардың жыл сайын жоғары шығармашылық сатыға шыға отырып, өз әлеуетін дамытуға және үлкен ықыласпен заманауи бимен айналысуға мүмкіндігі бар.

Әсел Тілемісова мен Анастасия Чигринова  
Алматы қаласындағы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №9 арнайы мектеп-интернаттың 10-сынып оқушылары

# 32 ОҚУШЫСЫ



2019 жылы Алматыдағы сөйлеу қабілеті бұзылған №9 мектеп-интернаттың екі топта хореограф Марат Бекбергеновтың басшылығымен би студиясында бимен айналысты



## 2019 ЖЫЛЫ ЕКІ БИ ТОБЫ «ЖҰЛДЫЗДАР ДЕМІ» ЖӘНЕ «ПИЖАМА КЕШІ» 2 КОНЦЕРТТІК НӨМІРЛЕРІМЕН ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ:

- Түркия, Түркменстан, Белоруссия, Ресей және Қазақстан қатысушы елдер арасында «Juldysai-2019» халықаралық конкурсының «Хореография» номинациясында «9 Планета» ересек тобы жеңімпаз (Бас жүлде) атанды
- «9 Планета» ересек тобы «SHOW-TIME 2019» республикалық конкурсының жеңімпаз атанды (Бас жүлде) және кіші топ «13-16 жас және 10-13 жас аралығындағы эстрадалық би» номинациясында 3-орын алды
- «Мейірім» конкурсында «9 Планета» ересек тобы жеңімпаз атанды (Бас жүлде) және «Непоседы» кіші тобы «Хореография» номинациясында бірінші орынға ие болды

”

«**Б**із әлі талай жандырамыз, біз туралы әлі талай естисіз, біз тек жеңу ниетіндеміз!»

**Марат Бекбергенов**  
жоба хореографы

**216** РЕТ РЕПЕТИЦИЯ  
ӨТКІЗІЛДІ


**22** ЖИЫНТЫҚ САХНАЛЫҚ  
КОСТЮМДЕРІ  
ӘЗІЛЕНДІ

Жобаның демеушілері мен серіктестері:  
«LVMH P&C Kazakhstan» ЖШС

## 2019 ЖЫЛДЫҚ

## ЖИЫНТЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

	ТЕҢГЕ
<b>*2018 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ САЛЬДО</b>	61 798 703
<b>КІРІСТЕР</b>	
Заңды тұлғалар- демеушілердің жарналары	180 776 605
Гранттар	5 395 654
Қайырымдылық жасаушы- жеке тұлғалардың жарналары	39 810 719
Қайырымдылық бокстарынан түскен жарна	2 432 273
Онлайн қайырымдылық	3 739 321
Құрылтайшының жарналары	61 051 744
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	293 206 316
<b>ШЫҒЫСТАР</b>	
Жобаларға арналған шығыстар	217 606 887
Адвокасиге арналған шығыстар және қаражат жинау жөніндегі іс-шаралар	4 924 238
Офисті қамтамасыз етуге арналған шығыстар	13 169 233
Жалақы қоры	51 019 932
Қаржылық қызметтер (банк комиссиясы)	298 863
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	287 019 153
<b>2019 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ САЛЬДО</b>	67 985 867



\*Оң сальдо ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыру үшін бұрын алынған заңды және жеке тұлғалардың аванстық төлемдері кіреді

## 2019 ЖЫЛҒЫ ЖОБАЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР КАРТАСЫ

<p><b>«ӘР ӘЛУАН, БІРАҚ ТЕҢ» ЖОБАСЫ:</b> Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарының желісін кеңейту; Аймақтардағы түзеу кабинеттерінде Гросс тренажерларын орнату; «Құрдастан құрдасқа» жобасы; «Кедергісіз мектеп» жобасы; «Қуаныш шеберханасы» жобасы; «Ерте қолдау» жобасы; «Әр әлуан, бірақ тең» жобасын әдістемелік қолдау</p>	<p><b>Демеушілер мен серіктестер:</b> «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, «Байсат» ЖШС, «AZALA Group» ЖШС, «Кор» Мұнай Компаниясы АҚ, «East Trade Solutions» ЖШС, сондай-ақ жеке Рахат Дармеш, «Тенгизтрансгаз» ЖШС, «Шеврон» компаниясы, «Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG» компаниясы, Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Шағын Гранттар бағдарламасы, «Жандиг-С» ЖШС, «Той Прайм I» ЖШС, «Байер КАЗ» ЖШС, «High Techhnology systems» ЖШС, «ЕВРОЛЮКС Астана» ЖШС, «Confidence land» ЖШС, Сауле Мұхашева, Гаухар Сауранбаева, Жанат Еңсебаева, Гаухар Абықаева, Гаухар Қаппарова, Майра Тұрғанова, Айнұр Мәми, Мира Анафина, Жанар Қалиева, Маржан Қулажанова, Айжан Құсайынова, Әйгерім Сағадиева, Гүлнара Бірбаева, Ж.Енесбаева, Айгүл Рамазанова, Мадина Қабдуалиева, Әлия Әбдіразақова, Әлия Исламқұлова, Tutti Frutti Frozen Yogurt, бокстардан түскен қаражат, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары</p>
<p><b>«ТӘЛІМГЕРЛЕР» ЖОБАСЫ:</b> жеке тәлімгерлік; Корпоративтік тәлімгерлік; Коучинг; Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған білім беру курстары</p>	<p><b>Демеушілер мен серіктестер:</b> «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG», «Bon Bon» кофеханалар, «Start-time.kz» краудфандингтік платформасы, «New Generation School» жекеменшік мектебі, «TOP Cleaning Kazakhstan» ЖШС, «Kazprotect» ЖШС, «Қуаныш Ешенқұл» Жеке қоры, Ричард Таверна, Лейла Адайбекова, Марина Сұлтанова, Маргарита Боченина, Руфина Носова, Ермек Ернұр, Оксана Акимова, А. Байсейітова, Сәуле Оташева, «Бәйтерек» ҰБХ, «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС, Дәурен Блиев, «РТС ЛТД» ЖШС, VAcademy компаниясы, ирландық «Dublin» пабы, Қарлығаш Өтембаеваның әлеуметтік шеберханасы, «Кофе министрлігі» кофеханасы, «Rafe coffee &amp; food» кофеханасы, «Kiwi» Nail salon, The Ritz-Carlton Astana, «Gymboree» Play &amp; Music, «Мемлекеттік техникалық қызмет», «Перчини» мейрамханасы, «Автоматсимум» ТҚС, «PeshNap» кондитерлік-кофеханасы, «Талан» білім беру орталығы, Қазақ ұлттық өнер университеті (ҚазҚӨУ), AstraZeneca, Давай сходим Алматы, Атамекен Кәсіпкерлер Палатасы, Алматы технологиялық университетінің Технологиялық-экономикалық колледжі, Утеповтар отбасы, SmArt.Point коворкинг орталығы, UIB Халықаралық бизнес университеті, METRO Cash&amp;Carry, Әсел Зои, Жанна Оспанова, Александра Ким, Әлия Тоқболатова, Алмагүл Иманс, Алтынай Дүйсембаева, Людмила Левитанус, Юлия Тогобицкая, Елена Югай, Гүлмира Есмағамбетова, Людмила Куликова, Еуразиялық практикалық психология және психотерапия институты, MediaCAMP Орталық Азия бағдарламасы және АҚШ Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID) шеңберінде «Internews Қазақстанда» ақпараттық агенттігі, Адель Смит, Өркен Кенжебек, Әсел Зои, Рахим Ошақбаев, Гүлмира Абдрашева, Алмаз Ержан, Махаббат Есен, Мадина Оманова, Эмин Аскеров, Айгүл Мүкей, Тұрсынжан Төребаев және Дана Есеева, Екатерина Критцева, бокстардан түскен қаражат, dara.kz сайты арқылы электрондық жарналар қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары</p>
<p><b>«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШЕҢБЕРІ» ШӘКІРТАҚЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ»</b></p>	<p><b>Демеушілер мен серіктестер:</b> Гүлнар Досаева, Жания Құрманова, Нархоз Университеті</p>
<p><b>«ӘЛЕМДІ АШАМЫЗ» ЖОБАСЫ:</b> «Аймақтарда әлемді ашамыз» жобасы; Голбол спорт секциясы</p>	<p><b>Демеушілер мен серіктестер:</b> «Қазақстандағы және Орталық Азиядағы KPMG», «Google» компаниясының қызметкерлері, Айман Андаспаева, Адель Ахметова, «Алматы Халықаралық әйелдер клубы» қоғамдық қоры (IWC), «Haileybury Astana» мектебі, ZERE қайырымдылық сурет көрмесі, «РОКОС» ЖШС, «Дастан» ЖШС, «Актеп» ЖШС, «Алтын Қыран» қайырымдылық қоры ЖҚ, «Анвар» ЖШС, Исламбек Салжанов атынан Дипломатиялық бизнес клубы, Қазақстандағы Македония Республикасының экс-елшісі Илия Псалтиров, Жанат Камелова, қалалар мен облыстардың Әкімдіктері мен Білім басқармалары</p>
<p><b>«ДАРЫНДЫ ДАМУ» ЖОБАСЫ:</b> Нұр-Сұлтан қ. көркемөнер және театрлық инклюзивтік студиялар; Алматы қ. би студиясы; Футбол секциясы</p>	<p><b>Демеушілер мен серіктестер:</b> «Шеврон» компаниясы, «Haileybury Astana» мектебі, Регина Шафир суреттерінің қайырымдылық көрмесі, «Has Sanat» өнер галереясы, Айман Андаспаева, «LVMH P&amp;C Kazakhstan» ЖШС, «РТС ЛТД» ЖШС, «Құлانشы» Заманауи Өнер Орталығы</p>







010000, Нұр-Сұлтан қ.  
Қонаев көшесі 33-үй, 210-кеңсе  
Тел.: + 7 (7172) 73 88 39 / 40  
Ұялы телефон.: + 7 701 932 02 82

info@dara.kz  
www.dara.kz

Біз туралы көбірек  
білгіңіз келе ме?



-  Әлеуметтік желілерде бізге қосылыңыз:
-  @dara.charity
-  t.me/daracharity
-  @fonddara